**2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың:

88, 89, 90, 91 (құпия) , 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99,100-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
88-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

*Ескерту. 88-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12* N 581д *Қаулысымен.*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
89-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

*Ескерту. 89-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12* N 581д *Қаулыларымен.*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына
90-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

*Ескерту. 90-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
91-ҚОСЫМША
(құпия)

***Қызметтік қолдану үшін***

*Ескерту. 91-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.28* N 1108 ҚБПҮ *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
92-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

*Ескерту. 92-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12* N 581д *Қаулысымен.*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
93-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

*Ескерту. 93-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12* N 581д *Қаулыларымен.*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
94-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

*Ескерту. 94-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12* N 581д *Қаулысымен.*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
95-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

*Ескерту. 95-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12* N 581д *Қаулысымен.*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
96-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
97-ҚОСЫМША

*РҚАО-ның ескертуі. "Қызметтік қолдану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.*

*Ескерту. 97-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12* N 581д *Қаулыларымен.*

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
98-ҚОСЫМША

**208 - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау"
деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 534891 мың теңге (бес жүз отыз төрт миллион сегіз жүз тоқсан бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы Заңы ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 39-бабы ; "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны және айырым белгілері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 8 шілдедегі N 146 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 наурыздағы N 299 Жарлығы ; " Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 қаулысы , "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы , "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жабдықтау нормаларын және материалдық запастарының санаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 қарашадағы N 1125 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын азық-түлікпен, жабдықпен және асханалық-ас үйлік ыдыспен жабдықтаудың бейбіт уақытқа арналған нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 1281 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери кәсіпкерлік пен әскерлерді сапалы әскери даярлауды енгізу мақсатында әскери білім беру және әскери кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің кіші командалық құрам - сержантқа мұқтаждығын қамтамасыз ету;

2) сержанттардың және курсант-спортшылардың сапалы даярлығын қамтамасыз ету ;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін білікті мамандармен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Бағдарла-маның (кіші бағ-дарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйым-дарында мамандар даярлау | 1. Орта арнайы оқу орындарына жүктелген функ-циялар мен мін-деттерді орындау. 2. Оқу жоспарлары мен бағдарламала-рына сәйкес жалпы білім беру және әскери техникалық пәндер бойынша жоспарлы сабақ-тарды қамтамасыз ету. 3. Кадет корпусын; Әскери спорт колледжін ұстау. 4. Техниканы көк-темгі-жазғы және күзгі-қысқы пай-далануға көшіру жөніндегі іс-ша-раларды ұйымдас-тыру және өткізу. 5. Штаттық кесте бойынша ұсталатын жұмысшылар мен қызметкерлерге еңбекақы төлеу және аудару. 6. Жеке құрамды бекітілген лимит санының шегінде ақшалай жабдықта-лыммен, жалақымен қамтамасыз ету және заңнамада белгіленген жәрдемақыларды, қосымша-ақылар мен үстемеақылар-ды, өтемақы | Жыл бойы | Қазақстан Республика-сының Қорғаныс министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | төлемдерін төлеу;<br>7. Тамақтандыруды ұйымдастыру және азық-түлік өнімдерін жеткізу;<br>8. Мемлекеттік емтихандарды өткізу жөніндегі мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысымен;<br>орта арнайы оқу орындарына жүктелген функциялар мен міндеттерді орындаумен;<br>кадеттерді, оқушыларды, жүктерді теміржол және әуе тасымалына, соның ішінде жетім балалар санынан кадеттерді каникулдарда тасымалдауды қамтамасыз етуге;<br>жеке құрамды теміржолмен және әуе тасымалымен тасымалдаумен, жалға алумен, тіркеумен, қару-жарақ, әскери техника және жолаушылары бар вагондармен байланысты шығыстарды төлеу;<br>медициналық тексеру және індетке қарсы қорғауды өткізумен;<br>әр түрлі мәдени, спорттық және басқа да іс-шаралар ұйымдастырумен және өткізумен;<br>курсанттарды киім-кешекпен, арнайы киіммен, іш киіммен, аяқкиіммен, жабдықпен, төсек керек-жарақтарымен, жуу | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | материалдарымен және гигиена құралдарымен, монша-кір жуу мүкәммалымен, спорт киімімен және мүкәммалымен, жөндеу материалымен, соның ішінде жетім балалар санынан кадеттерді қосымша мүлікпен қамтамасыз етуге; мемлекеттік рәсімдерді, мерекелік іс-шараларды өткізуге; қару-жарақ пен әскери техникаға, аспаптарға, тұрмыстық, ұйымдастыру техникасына және өзге де техникаға ағымдағы жөндеуге, өрт дабылнамасына мен бейнебақылауға және өзге де техникаға қызмет көрсетуге; технологиялық және тоңазытқыш жабдықтарына қызмет көрсетуге және ұстауға байланысты шығыстарды төлеу. 9. Түсу емтихандарын, орта арнайы оқу орындарына түсетін талапкерлерді тестілеуді; емтихан сессияларын, курсанттар мен кадеттердің бітіруімен байланысты іс-шараларды; жалпы білім беру және психологиялық тестілеуді; 2-курс кадеттерінің әскери тағылымдамасын; 3-курс кадеттерінің далалық | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шығуын;<br>ату, ЖӘЖМ, автомобиль жүргізу жөніндегі бағдарламаларды ұйымдастыру, дайындау және өткізу.<br>10. Кеңсе тауарларын, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы өнімдерді, көмекші жабдықтарды, шығыс материалдарын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, дәрілік заттарды, жанар-жағар май материалдарын, шаруашылық қажеттілікке арналған тауарларды, оқу үдерісін, республикалық баспасөзге жазылуды қамтамасыз етумен байланысты өзге де тауарларды, жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу.<br>11. Оқу кабинеттерін безендіру, бланктік полиграфиялық өнімдерді жасау жөніндегі және оқу, тәрбие үдерісін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулерді;<br>дипломдарды, сынақ кітапшаларын, білім беру туралы куәліктерді жасау бойынша;<br>сыртқы, ішкі үгіт, оқу-жаттығу нобайларын жасау жөніндегі құралдарды жасау бойынша және өзге де қызмет көрсетулерді; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қалалық және халықаралық телефон байланысы, пошта-телеграф байланысы, Интернетті пайдалану бойынша қызмет көрсетулерді төлеу.<br>12. Бекітілген сметаларға сәйкес өкілдік шығындар.<br>13. Бюджетке міндетті төлемдер жиындарын, соның ішінде өсімақы, айыппұлдарды төлеу.<br>14. Сот талаптарын орындау. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
оқитындардың контингенті: 820 адам, соның ішінде:
кадет корпусы - 420 адам;
спорт колледжі - 400 адам;
"Кадет корпусын" бітірген курсанттар - 121 адам, оның ішінде 5 адам үздік;
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін кіші командалық құрам - кәсіпқой сержанттармен және Қарулы Күштердің әскери бөлімдері үшін дене даярлығы және спорт мамандарымен, дене шынықтыру және спорт бойынша жаттықтырушы оқытушылармен 100 пайыздық қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
бір кадетті, курсантты ұстаудың және оқытудың орташа құны - жылына 819,6 мың теңге;
"Әскери спорт колледжінің" бір курсантын ұстаудың және оқытудың орташа құны - жылына 553,7 мың теңге.
Уақтылығы:
оқу үдерісін және курсанттардың сапалы кәсіби даярлығына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жоспарланған іс-шараларды уақтылы орындау;
оқуды аяқтағаннан кейін курсанттардың әскери бөлімдерде 5 жылдан кем емес міндетті қызметін атқаруы.
Сапасы:
жалпы саннан оқудан шығарылған курсанттар үлесі - 1 пайыз;
жалпы саннан оқуды үздік бітірген әскери-кәсіптік білімді бітірушілер саны - 2,1 пайыз.

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
99-ҚОСЫМША

**208 - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін институционалдық дамыту" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 987000 мың теңге (тоғыз жүз сексен жеті миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 13-бабы ; "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін геоақпараттық қамтамасыз ету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі қаулысы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 маусымдағы N 348 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2007-2012 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясы; "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 наурыздағы N 299 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** әскери саясатты қалыптастыру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылыс және даму бағыттарын айқындау үшін ғылыми тұғырнамасын құру, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әскери саладағы әскери-техникалық үдерісті қамтамасыз ету, әскери ғылымды дамыту бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу. Әскери қызметшілерге, соның ішінде әскери қызметтің міндеттерін орындау кезінде жарақаттанған, контузия алған, зақымданған, мертіккен және науқастанған әскери ұшқыштарға, соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге, соғыс әрекеттерінің басқа да қатысушыларына, әскери қызметтен шығарылғандарға, әскери қызметтің міндеттерін орындау кезінде алған жарақаттары, контузиялары, зақымдары мен науқастанулары салдарынан мүгедектік алғандарға; запастағы офицерлерді немесе полковник пен одан жоғары атақтағы отставкадағыларға , мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне, медициналық түсініктері болған кезде

әскери (арнайы) оқу орындарының курсанттары мен әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілеріне бұдан әрі санаторлық-курорттық емдеуді қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 1. әскери саясатты құру және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін трансформациялау мүдделерінде Қорғаныс министрлігінің қызметін аналитикалық қамтамасыз ету;

2. әлемдегі және өңірлердегі әскери-саяси және жедел-стратегиялық жағдай, үрдіс және оның шетел мемлекеттерінің Қарулы Күштерін дамыту стратегиясының перспективасы, оларды қаруландыру және әскери техника туралы ақпараттарды талдау;

3. Қарулы Күштер әскери құрылысының, дамуының және даярлығының негізгі бағыттарын анықтау бойынша ұсыныстарды, мемлекеттің егемендігін қорғау және аумақтық тұтастығы бойынша шараларды ғылыми негіздеу;

4. соғыс өнерін дамыту саласында ғылыми ізденістер өткізу;

5. қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін, ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін, әскерлер мен қаруды автоматтандырылған басқару жүйесін құру технологиясының мониторингі;

6. мемлекеттің әскери қауіпсіздік жүйесін жан-жақты қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу;

7. әскери қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін бағалау;

8. әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне санаторлық-курорттық емдеуді қамтамасыз ету үшін әскери санаторийге арнап салынған "Алтын құм" демалыс базасының ғимараты мен құрылысына қайта жаңарту жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағдар- лама коды | Бағдар- ламаның (кіші бағдар- ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер- зімі | Жауапты орындаушы- лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Қазақстан Республи- касы Қарулы Күштерін институ- ционалдық дамыту | | | |
| 2 | | 100 | "Қазақстан ГАЖ орта- лығы" АҚ- ның жарғы- | Әскери санаторий үшін Алматы облысы, Қапшағай қаласында»"Алтын | Жыл бойы | Қазақстан Республика- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | лық капиталын ұлғайту | құм" демалыс базасы ғимараты мен құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оны қайта жанарту үшін "Қазақстан ГАЖ орталығы" АҚ жарғылық капиталын арттыру | | сының Қорғаныс министрлігі |
| 3 | | 101 | "Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру | "Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" АҚ жарғылық капиталын құру | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: әскери санаторий үшін "Алтын құм" демалыс базасының ғимараты мен құрылысын қайта жаңартуға және қайта жаңарту бойынша жұмыстарды бастауға жобалау-сметалық құжаттарды әзірлеу.

"Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" АҚ жарғылық капиталын құру.

Түпкі нәтиже: әскери санаторийдің 1-кезеңін құруды аяқтау.

"Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы" АҚ жарғылық капиталын құру.

Уақтылығы: Ғимарат пен құрылысты қайта жаңарту бойынша жасалған шарт пен жұмыс кестесіне сәйкес.

Сапасы: Good Scientific Practice и Good Laborotory Practice халықаралық басқару және ғылыми практикалық стандарттарының орындалған жұмыстарына сәйкес.

***Қызметтік қолдану үшін***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
100-ҚОСЫМША

**208 - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту" деген 116 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 6650 мың теңге (алты миллион алты жүз елу мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасында»"электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 карашадағы N 1471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде компьютерлік сауатсыздықты жою.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері мен қызметкерлерін дербес компьютерді, интернетті, электрондық үкімет бағдарламасы ұсынатын қызметтерді пайдаланудың базалық элементтеріне оқыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Бағдарла-маның (кіші бағ-дарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 116 | | Электрон-дық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту | 1. Компьютерлік сыныптарда Интернет желісіне рұқсат етуді қамтамасыз ету.<br>2. Оқу процесін ұйымдастыру.<br>3. Оқу процесін қамтамасыз ету үшін жұмсалатын материалдарды сатып алу. | жыл бойын-да жыл бойын-да | Қазақстан Республика-сының Қорғаныс министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:

25 024 әскери қызметшіге арналған компьютерлік сауаттылықты оқыту процесін ұйымдастыру;

68 компьютерді оқыту сыныбында Интернет желісіне рұқсат етуді ұйымдастыру.

Түпкі нәтижелер:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде компьютерлік сауатсыздықты 60

пайызға жою;
Бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру жөніндегі Қазақстан Республикасы Стратегиясының іс-шараларын орындау.
Қаржы-экономикалық нәтижелері:
бюджет қаражатын тиімді игеру.
Уақтылығы:
жұмыстар мен қызметтерді жүргізудің бекітілген кестесіне сәйкес;
қаржыландыру жоспарларына және мемлекеттік сатып алу жоспарларына сәйкес.
Сапасы:
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілері мен қызметкерлерінің 60 пайызы компьютерлік сауаттылықты меңгереді;
Қарулы Күштерін басқарудың тиімділігі артады;
Қазақстан Республикасында әскери қызметшілердің мәртебесі және әскери қызметтің беделі артады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК